

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің түзеу мекемесін құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 28 қараша N 1541

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің ЖД-158/6 түзеу мекемесі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - мекеме) құрылсын.

2. Қылмыстық-атқару жүйесі штат санының лимиті шегінде мекеменің штат санының лимиті 20 бірлік мөлшерінде бекітілсін.

3. Мекемені ұстау шығындары тиісті жылға арналған республикалық бюджетте сотталғандарды ұстауға Қылмыстық-атқару жүйесі комитетіне көзделген қаражат шегінде жүргізіледі деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару

жүйесі комитеті заңнамамен белгіленген тәртіппен:

1) мекеменің Жарғысын бекітсін және оның әділет органдарында тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыны іске асыру жөнінде өзге де шараларды қабылдасын.

5.

<*>

Ескерту. 5-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.12.28. N 1755 қаулысымен.

P011755_

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Жұманазарова А.Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК